

**Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 13 тамызда № 36613 болып тіркелді.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 33-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны алғашқы ресми жариялағанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі*

*С. Жумангарин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

**Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 33-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны сатып алудың электрондық платформасы;

2) банктік қарыз шарты/қарыз шарты – екінші деңгейдегі банк/ "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы/ халықаралық қаржы ұйымы мен қарыз алушы арасында жасалатын, оның талаптары бойынша қарыз алушыға қарыз (кредит) берілетін жазбаша келісім;

3) екінші деңгейлі банк – банктік және өзге де операцияларды, оның ішінде банктік қарыз операцияларын жүргізуге тиісті лицензиясы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері;

4) жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі – облигацияларды ұстаушы айқындайтын және қалыптастыратын және облигацияны орналастыру салдарынан Эмитент алған ақшаны пайдаланғаны үшін облигация ұстаушыға мерзімді негізде төленуге жататын купондық сыйақының пайызбен көрсетілген мөлшері;

5) Қазақстанның даму банкі – "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, сондай-ақ "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамы құрылтай құжаттарына және уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес айқындалған оның үлестес лизингтік компаниясы;

6) қаржы агенті – "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" акционерлік қоғамы;

7) қаржы операторы – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

8) тарифтік реттеуші – табиғи монополияларды реттеу саласындағы уәкілетті орган;

9) қарыз алушы – ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келетін энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және (немесе) салу жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін қарыз (кредит немесе облигациялық қаржыландыру) алатын табиғи монополия субъектісі;

10) қарыз алушыны субсидиялау – екінші деңгейлі банк және (немесе) халықаралық қаржы ұйымы және (немесе) Қазақстанның даму банкі акционерлік қоғамы қарызы (кредит) бойынша сыйақы ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін пайдаланылатын қарыз алушыны мемлекеттік қаржылық қолдау формасы;

11) қарыз беруші – ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын және қарыз алушыға қарыз беретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың жергілікті атқарушы органы

12) қарыз (кредит) – энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба мен осы Ережеде айқындалған талаптарда жобаны іске асыру үшін қарыз алушыға банктік қарыз шарты/қарыз шарты негізінде екінші деңгейлі банк және (немесе) Қазақстанның даму банкі акционерлік қоғамы және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдары және (немесе) жергілікті атқарушы органдар беретін ақшалай қаражат;

13) облигациялық қаржыландыру – ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен қарыз беруші кейіннен қарыз алушыға беруге арналған ақшалай қаражат;

14) облигациялық қаржыландыру шеңберіндегі қарыз шарты – Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде қарыз беру, пайдалану, қызмет көрсету және өтеу талаптарын айқындайтын қарыз беруші мен қарыз алушы арасында жасалған шарт;

15) облигациялар шығару бұйрығы – Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 140-бабының 5-тармағына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органының бағалы қағаздар шығару талаптарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындайтын құжат;

16) субсидиялауға арналған электрондық өтінім – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған қарызды (кредитті) субсидиялауға өтінім;

17) субсидия – табиғи монополия субъектілері қаржы агентіне көрсетілген қаражатты аудару арқылы алған қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара

өтеу үшін, сондай-ақ Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тиісті жергілікті атқарушы органға қаражат бөлу жолымен жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны өтеусіз және қайтарымсыз негізде ішінара өтеу үшін берілетін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттің бюджеттік қаражаты;

18) техникалық оператор – энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

19) табиғи монополия субъектісі – тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

20) төлемдер кестесі – негізгі қарызды, сыйақы сомасын, оның ішінде банктік қарыз шартының/қарыз шартының және қарыздар бойынша үлгі субсидиялау шартының/облигациялық қаржыландыру шеңберінде субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын субсидияланатын сыйақы сомасын өтеу жөніндегі төлемдер кестесі;

21) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, жылу энергетикасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

22) Ұлттық жоба – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 1102 қаулысымен бекітілген "Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы;

23) халықаралық қаржы ұйымдары – халықаралық қаржылық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, экономикалық дамуды қолдау үшін қаржы ресурстарын ұсыну, сондай-ақ халықаралық қаржы операцияларына байланысты өзге де функцияларды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттер арасындағы халықаралық келісім негізінде құрылған ұйымдар;

24) құжаттардың электрондық пакеті – түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын ( деректерін) толық қайталайтын электрондық-цифрлық нысандағы құжаттар, оның ішінде өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттар;

25) эмитент – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы;

26) энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша субсидиялау шарты – уәкілетті орган мен эмитент арасында жасалатын шарт, оның талаптары бойынша уәкілетті

орган эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялайды;

27) энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау – облигациялық қаржыландыру шеңберінде Эмитент облигацияларды ұстаушыға төлейтін шығыстардың бір бөлігін өтеу;

28) табиғи монополия субъектілері энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шарты – энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу мақсаттары үшін екінші деңгейлі банк және (немесе) Қазақстанның даму банкі акционерлік қоғамы және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдарының табиғи монополия субъектілеріне беретін қарыздары (кредиттері) бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шарты, оның негізінде қарыз алушы алған қарыз (кредит) бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара өтеу үшін бюджет есебінен мерзімді субсидиялар төлемдері жүзеге асырылады;

29) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символ жиынтығы.

## **2-тарау. Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополия субъектілері алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тәртібі**

### **1-параграф. Субсидиялау тәртібі**

3. Ұлттық жобада және осы Қағидада көзделген талаптарда жобаларды қарыздар (кредиттер) есебінен іске асыратын қарыз алушылар субсидиялар алушы болып табылады.

4. Екінші деңгейдегі банктер және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдары және (немесе) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ), сондай-ақ "ҚДБ" АҚ құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалған оның үлестес лизингтік компаниясы беретін субъектілердің қарыздары (кредиттері) бойынша пайыздық мөлшерлемелерді азайту үшін субсидия беріледі.

5. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ субсидиялау туралы шешім қабылданған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейінен 4 (төрт) пайыздан (өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі үшін) аспайтын сыйақы мөлшерлемесі немесе мөлшерлеме деңгейі бойынша қарыздар береді TONIA (үш айлық және алты айлық Tenge Over Night Index

Average) субсидиялау туралы шешім қабылданған күні қолданыстағы 4 (төрт) пайыздан астам (өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі үшін) (белгіленген сыйақы мөлшерлемесі үшін)

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Егер ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарызы (кредиті) бойынша пайыздық мөлшерлеме 10 (он) пайыздан асқан жағдайда айырма субсидиялар есебінен өтеледі.

7. Ұлттық жоба шеңберінде ЕДБ-де және (немесе) ХҚҰ-да және (немесе) "ҚДБ" АҚ-да қарыз алушы алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қаржы агенті арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Қарыз (кредит) бойынша 10 % мөлшерінде субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесін Қарыз алушы төлейді.

9. Субсидиялау республикалық бюджеттен осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ, қарыз алушы мен қаржы агенті арасында ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың үлгілік шартына (бұдан әрі – Қарыздарды субсидиялау шарты) сәйкес жүзеге асырылады.

Қарыздар бойынша субсидиялау шарты ХҚҰ ішкі қағидалары мен құжаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, МҚҰ-мен жасалады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Республикалық бюджеттен берілетін субсидиялардың жалпы көлемі тартылатын қарыз бойынша негізгі қарыз сомасынан аспауға тиіс.

11. Қарыз алушы үшін міндетті шарттар:

1) нысаналы мақсаты – ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жобаны қаржыландыру;

2) қарыз (кредит) валютасы-теңге;

3) субсидиялаудың ең ұзақ мерзімі – қоса алғанда 20 (жиырма) жылға дейін.

Бір жоба шеңберінде қарыздар бойынша бірнеше субсидиялау шарттары жасалған жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі қаржы агенті қарыздар бойынша бірінші субсидиялау шартына қол қойған күннен бастап белгіленеді.

Осы Қағида шеңберінде қаржыландырылатын жобамен тікелей байланысты емес мақсаттарға қарыз қаражатын жұмсауға жол берілмейді.

12. Субсидия құрылыс-монтаждау жұмыстарын төлеуге, жобаны басқару жөніндегі шығындарға, авторлық және техникалық қадағалау қызметіне және жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттамада көзделген өзге де шығындарға жұмсалатын қарыздар бойынша сыйақыны өтеуге беріледі.

13. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыздар бойынша субсидиялау шартын жасасуға байланысты, төмендегілерді есптемегенде, қандай да бір комиссиялар, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер алмайды:

1) қарыз алушы бастамашылық жасайтын қарыздар бойынша кредит беру, кредиттік шарт, субсидиялау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты жағдайлар;

2) қарыз алушының кредиттік шарт, қарыздар бойынша субсидиялау шарты бойынша міндеттемелерді бұзу себебі бойынша алынатын комиссиялар, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер;

3) қарыз алушыға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету бойынша төлемдер;

4) тәуелсіз бағалауды, сақтандыруды жүргізуге, кепіл шартын тіркеуге және ауыртпалықтарды алуға байланысты.

Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде сыйақы мөлшерлемесі арзандатылған энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға және (немесе) салуға қарыз алушы бұрын алған қарыздар (кредиттер) субсидиялауға жатпайды.

ХҚҰ қарыз алуды ұйымдастырғаны үшін комиссияны қоса алғанда, қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де комиссияларды, алымдарды және (немесе) төлемдерді алуы мүмкін.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Субсидия беру тәртібі**

14. Қарыз алушы ЕДБ-ге және (немесе) ХҚҰ-ға және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға осы Қағида мен Ұлттық жобаның талаптарын сақтай отырып, жобаны іске асыру үшін ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ның ішкі құжаттарында бекітілген нысан бойынша қарыз (кредит) алуға өтінішпен жүгінеді.

15. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жобаның қаржылық-экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізеді. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ оң бағалау берген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушыға жобаны кредиттеуге әзірлігі және қарыз (кредит) бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы Қаржы агентінің шешімін ұсыну қажеттілігі туралы жазбаша жауап береді.

ХҚҰ қарыз алушыға кредитті іріктеудің алдын ала шарттары орындалғаннан кейін және қарыз (кредит) бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы қаржы

агентінің шешімін ұсыну қажеттілігінен кейін ХҚҰ-ның ішкі қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес жобаны кредиттеуге дайындығы туралы жазбаша жауап береді.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Қарыз алушы субсидияны алу үшін осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес Қаржы агентінің электрондық құжат айналым жүйесіне интеграцияланатын ақпараттық жүйе арқылы субсидия алуға электрондық өтініш – сауалнама (бұдан әрі – электрондық өтініш) береді, оған осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесі қоса беріледі.

Өтпелі кезең кезеңінде және процестер толық автоматтандырылғанға дейін қағаз нысанда тиісті құжаттар топтамасын қоса бере отырып, субсидия алуға өтініш-сауалнама беруге жол беріледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Қарыз алушының электрондық өтініште құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуына жол берілмейді.

18. Қаржы агенті:

1) электрондық өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады.

Қарыз алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, электрондық өтінішті қабылдау және тіркеу өтініштен кейінгі жұмыс күні Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) электрондық өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді;

3) электрондық өтініш келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды Ұлттық жоба мен осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін қарайды.

19. Қарыз алушы ұсынған құжаттар толық болмаған жағдайда Қаржы агенті электрондық өтінішті қараудан, ақпараттық жүйе арқылы хабарлама жіберіп, бас тартады.

20. Қаржы агенті электрондық өтінішті қарау қорытындылары бойынша қарыз алушыға ақпараттық жүйе арқылы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында қабылданған шешім туралы хабарлама – хат жібереді.

Бір мезгілде қаржы агенті ЕДБ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қабылдаған шешімі туралы хабарлама-хатты ақпараттық жүйе және ХҚҰ арқылы ХҚҰ электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жібереді. Қаржы агентінің шешімі қабылданған күннен бастап 6 (алты) ай бойы қолданылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қаржы агентінің оң шешімі негізінде қарыздар бойынша субсидиялау шарты жасалады.

22. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қарыздарды субсидиялау шартына ЭЦҚ көмегімен электрондық нысанда төмендегі жағдайларда қол қойылады:

1) ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ және қарыз алушы қабылданған шешім туралы қаржы агентінің хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

2) қаржы агенті 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарыздар бойынша субсидиялау шартын алғаннан кейін;

Қаржы агентінің қарыздар бойынша субсидиялау шартына қосымша келісімдер, оның ішінде пысықтауға жіберілгендер осы тармақта белгіленген мерзімде жасалуы тиіс.

23. Қарыз алушылардың қарыздарын (кредиттерін) субсидиялау үшін республикалық бюджетте қаражат болмаған жағдайда, қарыздар бойынша субсидиялау шарты жасалмайды.

24. Қарыздарды субсидиялау шарты оған қарыз алушы, ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ және Қаржы агенті қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Субсидиялау мерзімінің басталуы Қарыздарды субсидиялау шартында көрсетіледі және оған Қаржы агенті қол қойған күннен бұрын белгіленбейді.

25. Осы Қағиданың 22-тармағында көзделген мерзімде қарыздарды субсидиялау шарты уақтылы жасалмаған жағдайда, ЕДБ және (немесе) МҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ мерзім аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қаржы агентін кешіктіру себептерін түсіндіре отырып, ресми хатпен хабардар етеді.

26. Қаржы агенті төмендегі жағдайлар сәйкес келмегенде қарыздарды субсидиялау шартына қол қоюдан бас тартады:

1) қарыздарды субсидиялау шарты талаптары Қаржы агенті шешіміне, ұлттық жоба мен осы Қағида талаптарына;

2) қарыздарды субсидиялау шартының Үлгі қарызды субсидиялау шартына;

3) банктік қарыз шартын/қарыз шартын ұлттық жоба осы Қағида талаптарына.

Қаржы агенті қарыздар бойынша субсидиялау шартының талаптары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген кезде ХҚҰ-мен қарыздар бойынша субсидиялау шартына қол қоюдан бас тартады.

Көрсетілген сәйкессіздіктердің болуы туралы қаржы агенті жазбаша нысанда осы Қағиданың 22-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзімнен кешіктірмей

ескертулерді жою үшін ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға хабарлайды.

ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ескертулерді жойған кезде Қаржы агенті қарыздар бойынша субсидиялау шартына қол қояды.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Кредит бойынша негізгі қарыз пен сыйақыны өтеу аннуитеттік немесе сараланған төлемдермен немесе есептелген қарызды (кредитті) өтеудің өзге әдістерімен ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ішкі ережелері бойынша төлем кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер өтеу күні жұмыс емес күнге келетін болса, онда төлем жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

28. Қаржы агенті субсидияны қарыздарды субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін төлемдер кестесіне сәйкес төлейді.

ЕДБ және (немесе) қарыз алушы (ХҚҰ қарызы болған жағдайда) және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз бойынша сыйақыны өтеу мақсатында субсидиялар қаражатын аудару үшін ЕДБ-де тиісті ағымдағы шоттар ашуды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган ұлттық жоба шеңберінде табиғи монополиялар субъектілерінің қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қаражат бөлу туралы республикалық бюджет комиссиясының шешімі туралы Қаржы операторын және қаржы агентін хабардар етеді.

ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ кейіннен субсидия қаражатын аудару үшін Қаржы агентіне ағымдағы шот ашуды жүзеге асырады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-параграф. Субсидияны аудару тәртібі**

29. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз алушыларға беретін қарыздар (кредиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуге субсидия төлеу тиісті қаржы жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджет қаражаты шегінде жүзеге асырылады.

30. Уәкілетті орган жеке қаржыландыру жоспары негізінде Қаржы агентінің арнайы шотына қаражат аударды.

31. Сыйақы мөлшерлемесін өтеу үшін қаржы агентінің арнайы шотына түскен субсидия қаражаты ЕДБ-де ашылған қаржы агентінің операторлық ағымдағы шотына бірыңғай траншпен аударылады.

32. Қаржы агенті субсидияны операторлық ағымдағы шоттан ЕДБ-де ашылған тиісті ағымдағы шоттарға аударды.

Бұл ретте субсидия сомаларын есептен шығару, есепке жатқызу, қайтару және өтеу операцияларын қоса алғанда, көрсетілген шоттарды жүргізгені үшін ЕДБ-ге комиссия алуға жол берілмейді.

33. Қарыз алушылардың қарыздары (кредиттері) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуге арналған субсидияны қаржы агенті ай сайын ЕДБ-дегі ағымдағы шотқа қарыз алушылардың төлем кестесін ескере отырып, аванстық төлемдермен аударуды жүзеге асырады.

Бұл ретте қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және қарыз алушы (ХҚҰ қарыз алған жағдайда) және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға қарыз алушыны, өнірді, субсидия сомасын және төлем жүргізілген кезеңді көрсете отырып, қаражатты аудару туралы өкімнің көшірмелерін жібереді.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Қаржы агенті ағымдағы шоттан субсидиялау тоқтатылған және жабылған қарыздар (кредиттер), сондай-ақ ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеу жүргізілген қарыздар (кредиттер) бойынша

субсидия қаражатын операторлық ағымдағы шотына қолданыстағы және субсидиялау мақұлданған қарыздарға (кредиттерге) қайта бағыттау үшін қайтарады.

35. Қаржы агентінің ағымдағы қаржы жылындағы операторлық ағымдағы шотындағы субсидия қаражатының пайдаланылмаған қалдығы келесі қаржы жылында есепті қаржы жылы үшін қарыз алушылардың қабылданған өтініштері бойынша пайдаланылады.

Қаржы агенті анықталған бұзушылық жағдайлары бойынша осы Қағидаға сәйкес қарыз алушының жобасы бойынша субсидиялауды тоқтата тұрады.

36. ЕДБ және (немесе) қарыз алушы (ХҚҰ қарыз алған жағдайда) және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз алушы негізгі қарыз бойынша берешек болмаған кезде және қарыз (кредит) бойынша субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесін толық өтеген жағдайда, қаржы агентінен алынған өкімге сәйкес әрбір қарыз (кредит) бойынша қаржы агентінің ағымдағы шотынан субсидияларды есептен шығаруды жүзеге асырады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Қарыз алушы негізгі қарызды ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеген кезде ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ бұл туралы қарыз алушы қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде хабарлайды, кейіннен төлемдер кестесі өзгертілген қарыздар бойынша субсидиялау шартына қосымша келісім және банктік қарыз шартына қосымша келісімнің көшірмесі ұсынылады (қосымша келісім жасасу кезінде – банктік қарыз шартына қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей).

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Төмендегі жағдайларда ЕДБ және (немесе) қарыз алушы (ХҚҰ қарыз алған жағдайда) және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз алушы негізгі қарыз сомасының берешегін және қарыз (кредит) бойынша субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесін өтегенге дейін қаржы агентінің ағымдағы шотынан субсидиялар есептен шығарылмайды:

1) қарыз алушы төлемдер кестесіне сәйкес міндеттемелерді 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде орындамаған;

2) қарыз алушы төлем кестесіне сәйкес қатарынан 3 (үш) ай ішінде міндеттемелерді орындамаған;

3) қарыз алушының міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі рәсімді жүргізу.

Көрсетілген жағдайлар бойынша ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ анықталған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агентін хабардар етеді.

ХҚҰ қаржы агентін өзінің ішкі мерзімдері мен ережелеріне сәйкес хабардар етуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Осы Қағиданың 43-тармағында көзделген жағдайлар бойынша қаржы агентінің одан кейінгі субсидияларды аударуы ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-дан тиісті хабарлама алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

**4-параграф. Банктік қарыз шартына (қарыз шартына) өзгерістер енгізуде қарыз алушыға субсидия беру және субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қайта бастау тәртібі**

40. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жасалған қолданыстағы банктік қарыз шартының (қарыз шартының) талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, жеңілдікті кезең, төлемдерді төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну, қарызды аудару, міндеттемелерді қайта құрылымдау) өзгерген кезде қаржы агентін тиісті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда хабардар етеді.

Қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мәселені қарайды және қолданыстағы Банктік

қарыз шартының (қарыз шартының) талаптарымен келісу не өзгерістер енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қарау қорытындысы бойынша қолданыстағы банктік қарыз шартына (қарыз шартына) өзгерістер енгізумен келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Қабылданған шешім туралы хабарламаны қаржы агенті ЕДБ-ге және (немесе) ХҚҰ-ға және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға жібереді.

41. Қарыз алушының қолданыстағы банктік қарыз шартының (қарыз шартының) басқа өзгерістері бойынша ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қолданыстағы банктік қарыз шартына (қарыз шартына) енгізілетін өзгерістерді келісу немесе келісуден бас тарту туралы мәселені қарайтын қаржы агентін хабардар етеді және ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарау қорытындылары туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

42. Субсидиялауды тоқтата тұру және қайта бастау туралы шешімді қаржы операторі техникалық оператордың және (немесе) ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қолдау хаттары (хабарламалары), сондай-ақ осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес Қаржы агентін субсидиялау туралы есеп шеңберінде мониторинг нәтижелері негізінде қабылдайды.

43. Қаржы агенті қарыз алушыны субсидиялауды тоқтатады келесі жағдайларда:

1) субсидиялау жүзеге асырылатын қарызды (кредитті) мақсатсыз пайдалану;  
2) жобаның және (немесе) қарыз алушының ұлттық жобаның шарттарына және осы Қағидаға және (немесе) анықталған бұзушылықтар 3 (үш) ай ішінде жойылмаған жағдайда қаржы агентінің шешіміне сәйкес келмеуі;

3) қарыз алушы төлем кестесіне сәйкес ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ алдында ай сайынғы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай ішінде орындамаған;

4) қарыз алушының банктік шотындағы ақшаны қамауға алу шара ретінде шоттардағы ақшаға тыйым салуды қоспағанда талап қоюды қамтамасыз ету бойынша, талап қою талаптарын толық көлемде қамтамасыз ететін шотта ақша жеткілікті болған жағдайда) және (немесе) қарыз алушының міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі келісілген рәсім шеңберінде қаралатын берешектің салдарынан қамауға алуды немесе тоқтата тұруды қоспағанда, 3 (үш) айдан астам мерзімге қарыз алушының шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрған жағдайда.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

44. Осы Қағиданың 43-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайды анықтау мақсатында Техникалық оператор жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-

бабының 10-42) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процестерін мониторингтеу қағидаларында көзделген тәртіпте осындай мониторингтің қорытындылары туралы Қаржы операторын хабардар етеді .

Қаржы операторы осы Қағиданың 43-тармағында көзделген жағдайларда 10 (он) жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін субсидиялауды тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қаржы агентіне субсидиялауды тоқтата тұру рәсімдерін жүзеге асыру үшін тиісті шешім ұсынады.

Мақсатты пайдалану расталған қарыздың (кредиттің) қалған бөлігі бойынша және қарыз алушы мақсатсыз пайдалану мөлшеріне барабар төленген субсидиялар сомасын қайтарған жағдайда, субсидиялау төлемдер кестесіне сәйкес жалғасады.

45. Қаржы агенті қаржы операторының субсидиялауды тоқтата тұру туралы шешімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ТМС-ға, Қаржы және Техникалық операторға тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында Тариф реттеушісіне, Жергілікті атқарушы органға және тиісті саланың уәкілетті органына, сондай-ақ ЕДБ және (немесе) ХҚҰ (ХҚҰ электрондық құжат айналым жүйесі арқылы) субсидиялауды тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, хабарлама-хат жолдайды.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

46. Қаржы агенті хабарлама-хатты жолдаумен бір мезгілде субсидиялауды тоқтата тұрады.

47. Қаржы агенті субсидиялауды қаржы операторының шешімі негізінде, субсидиялау тоқтатыла тұрған себептер жойылған жағдайда қайта бастайды. Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты Техникалық оператор "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 10-42) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процестерін мониторингтеу қағидаларында көзделген тәртіпте осындай мониторингтің қорытындылары өзі жүргізетін мониторинг шеңберінде ұсынады.

Осы Қағиданың 43-тармағында көзделген жағдайлар бойынша тоқтата тұру себептері жойылған кезде Қарыз алушының қарызын (кредитін) субсидиялауды қайта бастауға жол беріледі.

Осы тармақта көзделген жағдайларда субсидиялау қаржы агенті субсидиялауды тоқтата тұрған күннен бастап төлеуге тиісті мөлшерде беріледі.

48. Қаржы агенті қаржы операторының тиісті шешімін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидиялауды қайта бастау туралы хабарлама-хатты тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласындағы ТМС-ге, Қаржы және Техникалық операторларға, Тариф реттеушіге, сондай-ақ ЕДБ және (немесе) ХҚҰ (ХҚҰ электрондық құжат айналым жүйесі арқылы) және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға және жергілікті атқарушы органы мен тиісті саланың уәкілетті органына ақпараттық жүйе арқылы, субсидиялауды қайта бастау себептерін көрсете отырып, жібереді.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

49. Қаржы операторінің қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату туралы шешімі бар қарыздарды (кредиттерді) субсидиялауды қайта басталмайды.

Қарыз алушы кредит қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда, қаржы агенті осы Қағида шеңберінде Қарыздарды субсидиялау шарты бойынша қарыз алушыға төленген субсидияны өтеу жөнінде сот тәртібімен шаралар қабылдайды. Субсидияның өндіріп алынған сомасы қаржы агентінің операторлық шотына қайтарылады.

50. Осы Қағиданың 43-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша субсидиялау тоқтатылған жағдайда қарыз (кредит) бойынша субсидия төлеуді қайта бастау мерзімі өткен кезден бастап жүзеге асырылады.

51. Қаржы операторы мынадай негіздер бойынша субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдайды:

- 1) қарызды өтеу күні субсидиялауды тоқтату күні болып танылатын банктік қарыз шарты бойынша кредитті қарыз алушының толық өтеуі;
- 2) субсидиялауды тоқтата тұруға әкеп соққан себептерді негізсіз жоймау;
- 3) қарыз алушының бастамасы бойынша қарыздар бойынша субсидиялау шартын бұзу.

52. Қарызды (кредитті) субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде Қаржы агенті Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мен Шарт талаптарына сәйкес, қарыз алушыны, ЕДБ және (немесе) ХҚҰ (ХҚҰ электрондық құжат айналым жүйесі арқылы) және (немесе) "ҚДБ" АҚ, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ТМС, қаржы және техникалық операторларды, тариф реттеушісін, жергілікті атқарушы орган және тиісті саланың уәкілетті органын ақпараттық жүйе арқылы субсидиялауды тоқтату себептерін көрсете отырып, хабардар етеді.

Қарызды (кредитті) мақсатсыз пайдаланған кезде субсидиялау кредиттік қаражатты мақсатсыз пайдалану сомасына барабар тоқтатылады.

Қарызды (кредитті) толық мақсатсыз пайдалану немесе жоба және (немесе) қарыз алушы осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, субсидия ретінде төленген сома қарыз алушы толық қайтарумен тоқтатылады.

**Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

53. Қаржы агенті жүзеге асырады:

1) ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ және (немесе) қарыз алушыға ұсынатын деректер негізінде қарыз алушының төлем тәртібінің ай сайынғы мониторингі;

2) алынған және төленген субсидияны тұрақты есепке алу;

3) ЕДБ және (немесе) қарыз алушы (ХҚҰ қарыз алған жағдайда) және (немесе) "ҚДБ" АҚ ұсынған ақпарат негізінде қарыз алушының қарызды (кредитті) мақсатты пайдалануы мониторингі.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.04.2026 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ай сайын субсидиялау туралы есепті осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес Қаржы агентіне жібереді.

Қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ төлеген қаражаты мен сыйақы есебін тексеруді жүзеге асырады.

55. Қаржы агенті:

1) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес субсидиялау туралы есепті есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей;

2) осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес субсидиялау үшін қабылданған міндеттемелер және қаражаттың болжамды қалдығы бойынша есепті ай сайын уәкілетті органға жолдайды.

56. Қарыз алушының қарызы (кредиті) бойынша негізгі қарызды субсидиялау тоқтатылған, ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеген, сондай-ақ қарыз алушының, ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімі жүргізілген жағдайда тиісті шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін ұсынады.

Салыстыру актісінде субсидияларды нақты есептен шығару және аудару сомасы мен күні көрсетіледі. Өзара есеп айырысудың салыстыру актісіне қол қойылғаннан кейін екі тарап оның ережелеріне сәйкес өзара есеп айырысуды жүргізеді.

57. Қаржы агенті тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ЕДБ-ден және (немесе) ХҚҰ-дан және (немесе) "ҚДБ" АҚ-дан және Техникалық оператордан, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қарыз алушыдан

